

МРНТИ 15.21.41

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-7847.45>

Б.Д. Жигитбекова¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ЭМПАТИЯ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Мақалада эмпатия теориясын зерттелуіне және адам өміріндегі эмпатия функциясына талдау жасалады. Сонымен қатар эмпатия генезисін және оның құрылымының шартын оқып білу қарастырылады.

Эмоциялық жай-күй мотиві жүріс-тұрыс аспектілерін біріктіретін эмпатия қазіргі психологиядағы бірден-бір маңызды мәселелердің бірі болып саналады.

Шег ел және отандық зерттеулер қорытындылай келе, эмпатия эмоцияның бірден-бір құрамдас бөлігі деп санаймыз. Біздің негізгі міндеттеріміздің бірі болашақ зерттеулерде қолдау табады.

Кілттік сөздер: эмпатия, клиникалық психология, психотерапевт, эмпатияны зерттеушілер.

B.D. Zhigitbekova¹

¹Abay Kazakh National Pedagogical University

THE PROBLEM OF EMPATHY IN PSYCHOLOGICAL RESEARCH

Abstract

The article analyzes the study of the theory of empathy and the function of empathy in human life. It also provides for the study of the Genesis of empathy and the conditions of its structure. Motivation of the emotional state is one of the most important problems of modern psychology, which combines aspects of behavior. Thus, summing up the results of foreign and domestic research, we believe that empathy is the only component of emotions. One of our main goals will be supported in future research.

Keyword :empathy, clinical psychology, psychotherapist, empathy researchers

Жигитбекова Б.Д.¹

¹ Казахстанский национальный педагогический университет имени Абая

ПРОБЛЕМА ЭМПАТИИ В ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ

Аннотация

В статье анализируется изучение теории эмпатии и функции эмпатии в жизни человека. Также предусматривается изучение генезиса эмпатии и условий ее структуры. Мотивация эмоционального состояния является одной из важнейших проблем современной психологии, объединяющей аспекты поведения. Подводя итоги зарубежных и отечественных исследований, мы считаем, что эмпатия является единственной составляющей эмоций. Одна из наших основных задач будет поддерживаться в будущих исследованиях.

Ключевые слова: эмпатия, клиническая психология, психотерапевт, исследователи эмпатии

Әлеуметтік психологияда эмпатия ролді қабылдау тәсілі ретінде немесе әлеуметтік әрекеттестікті жеңілдететін қасиет ретінде зерттелді.

Осы ұғымның көмегімен ерлі-зайыптылардың рольдерді түсінуі мен кеткен рольдерінің сәйкес келуінен некедегі өзара бейімділік байланыстылығы зерттеледі. Эмпатия сатушыға сатып алушының

қажеттілігін түсінуге басшыға топта эмпатиялық қатынастардың қалыптастыруға жұмысшыға апатсыз жұмыс үшін қажетті қасиет ретінде қарастырылады.

Нашар жетілген мемлекеттерде бұл қасиет модернизациялық процесті жеңілдетеді ол әр түрлі ұлттар арасындағы өзара түсінікті қалыптастыруға көмектеседі.

Клиникалық психологияда невроздар терапиясын жеңілдететін терапевтік қасиеті бар деп эмпатияға зор көңіл бөлінеді. Эмпатияның арқасында терапевтер ауру адамның ішкі дүниесіне оның эмоционалды ортасына енеді. Дәрігер ауру адамның қайғысын жұқырады оның мұқтаждығын құрылымына енеді егер аурудың объективті сипатияны объективті құралдар көмегімен талданса онда субъективті аурудың эмоционалды суреттемесі эмпатия арқылы сезіледі.

Психотерапевт эмпатиялық әсердің сөзсіз тәсілдерін қолданады – паузалар дауыс тоны үндемеу емделушімен кері байланысты қалыптастыру үшін проекция интроекция түрі белгіленеді.

Ауру адаммен теңестіру оның дәрігерлік регрессиясын жеңілдетеді өйткені алғашқы эмпатия ана бала диадасында пайда болады яғни, дәрігерге ауру адам мен байланыста бола отырып осы қарым-қатынас үлгісін қалпына келтіру керек.

Алайда психотерапевт эмпатияда толық ашылмаған. Ол басқа адамды түсіну үшін қорғау басталмасын төмендетеді, бірақ өзінің эмоциялық ортасында қалады. Клиницист психологтарды әртүрлі проблемалар психофизиологиялық өзара байланыстылық клиникалық эмпатия қасиеті ретінде эмпатия байланысы психотерапевттің қасиеті деп оның эмоциялық ортасындағы ерекшеліктерімен дәрігердің эмпатиялық әсері жеке адам ретіндегі невротикалық ерекшелігі клиникалық эмпатия үшін назар аудару мәні қарым-қатынастағы серіктесінің алаңдаушылығын азайтады.

Әртүрлі әлеуметтік жағдайындағы адамдарда эмпатияның пайда болуын көрсетеді, эмпатияның қорғаныс сипаты т.б. қызықтырады.

Психолог – неофрейдистер ата мен бала арасындағы эмпатиялық қарым –қатынастан баланың жеке адам ретінде жетілуі қалыптаса бастайды. Бұл көзқарасты Салливен де қолдайды және эмпатиямен байланыстырады. Егер анасы бірдене алаңдаулы болса онда бұл алаңдаушылық әзірге табиғатынан түсініксіз қандай да эмпатикалық тәсілмен эмоциялық жұқтыру арқылы балаға беріледі.

Першберг эмпатияны тек қана алаңдаушылық сезіммен байланыстырған Соливенді сынап отырып балалық әсерленушілік қайғыру, жиіркену т.б. баланың мен жүйесіндегі эмпатиялық байланыс арқылы бекітіледі және үлкен адамда жаңаланып пайда болуы мүмкін. Клиникалық психологтардың зерттеуінше балалардың бейімделуіндегі қиыншылықтар.

Анасымен арасында дұрыс қалыптаспаған эмпатиялық қатынастарға байланысты невротик балаларды қайта адаптациялау жолдарының бірі анасының баласымен ойнауы. Алдын – ала анасы психотерапевтен кеңес алып дайындалады, тек сондан кейін ойында баламен эмпатикалық байланыс қалпына келтіреді. Трюэкс пен оның қызметтемтерінің мәлімдемесі бойынша невротик балалар егер дәрігер эмпатиясы болса емделуге тез көнеді.

Бала психологиясы саласында эмпатияны зерттеудің және балаларда оның пайда болуының негізін салған Бек пен Штерн болды. Эмпатия проблемасы баланың жеке адам болып қалыптастыруына байланысты әлеуметтік жүріс-тұрыс түрлерін үйренуді жетілдіруге байланыста және дәстүрлі түрде симпатия терминімен сипаттауға байланысты қалыптаса бастады.

Шындығында психологтарды баланың қоршаған ортаның сәтсіздіктерін деген реакциясы қызықтырады. Валлонды бұл проблема балада эмоциялық баланың жетілу жайына байланысты қызықтырады және ол баланың үлкендер мен балалардың сезімдеріне эмоциялық ықыластың эволюциясын атап көрсетті. Валлонның анықтауынша база өмірінің алғашқы сатысында өмірімен тек аффект саласы арқылы байланысты эмоцияның жұғу түріне сәйкес айқындалды.

Мұндай түрдегі байланысты Обуховский ретінде не ойдан тыс ұйқастық деп сипатталады және басқа адамның эмоциялық көңіл-күйін бағдарлау қажеттілігін ол эмоциялық байланысқа қажеттілік деп атайды.

Валлон бойынша екі жастан бастап бала симпатия жағдайына кіреді. Бұл жастағы бала қатынастың нақты жағдайына жеке кімнің қайғысын бөлісіп отырса соған бірлесіп қосылып кеткендей болады. Симпатия жағдайы оны альтруизм сатысында 4-5 жас бала өзімен басқаны салыстыра алады басқа адамдардың әсерленушілігін түсінеді өз қылмысының не нәтиже беретінін алдын-ала түсінеді.

Осылай ақырындағы психикалық жетілуден бала эмоциялық жауап қайтарудың төменгі түрінен қайырымдылықтың жоғарғы өнегелік түрінен қайырымдылықтың жоғарғы өнегелік түріне көнеді. Валлонның эмпатияның сатылы жетілуі жөніндегі ойы әлі күнге дейін бала психологиясында тәжірибе жүзінде дәлелденбей отыр және бірден-бір жорамал ретінде қалды.

Балалардағы эмпатия нәтижесіне Мерфи өз монографиясын арнады. Бұл осы саладағы зерттеудің негізін салған көтерген мәселелері көп көлемді түрде жазылған жалғыз еңбек Мерфи балаларда

эмпатияның пайда болуы мен жетілуін анықтайтын әлеуметтік және психологиялық факторларды зерттейді және бұл жағдайда әртүрлі тәсілдерді қолданады бақылау табиғи және лабораториялық эксперимент жобалау тәсілі ата-анасымен және тәрбиесімен тілдесу т.б.

Мерфиді бәрінен бұрын әлеуметтік бейімделу тобындағы 3-4 жастағы балалардың эмпатиялық жүріс-тұрысы қызықтырады. Мерфи Бек пен Штерннен келе жатқан эмпатияны жүріс-тұрыстың альтруистік түрімен байланыстыра қараған дәстүрін жалғастырып келеді. Мерфи эмпатияны басқаның сәтсіздігіне эмоциялық жауап қайтаруға икемділік соның жай-күйін бөлісуге және жеңілдетуге тырысу деп анықтады.

Эмпатияның пайда болуы объектінің қаншалықты жақын екендігіне байланысты онымен қатынас жиілігі эмпатияны тудыратын стимул қарқындылығы бұған дейінгі эмпатиялық тәжірибе эмпатияның жетілуі жасқа байланысты пайда болатын өзгешеліктерге байланысты олар: темперамент эмоциялық қозғыштық және баланың түскен әлеуметтік ортасы Мерфидің ойынша қазіргі буржуазиялық қоғамда жеке адам мен әлеуметтік қажеттілік арасындағы қарама-қайшылық бар бұны бала өзін қоршаған үлкендер мен балалардың қарым-қатынасындағы әлеуметтік және моральдық стереотип арқылы қабылдайды.

Үлкендер өмірі балаларға қауіпсіздік сезімін бермейді оның әлеуметтік қажеттіліктерін басып тастайды және агрессивті жүріс –тұрысқа бағыттайды. Эмпатия тенденциясы бұрмаланады және квози эмпатия жетіледі. Бала жүріс-тұрысының альтруистік түрі арқылы үлкендерді риза қылуға тырысады не өзінің агрессивті тенденцияларын квозиальтруизммен бүркемелейді өзі біреуге тиіседі, бірақ соны қорғаған боп көрінеді.

Балалар өз дискофортын басқаларға аударып салатындықтан проецирлік алаңдаушылық та эмпатияны бұрмалайды. Отбасы жылылығы махаббаттың сенімділігін барынша толық алған әлеуметтік өмірге бейімделген балаларда эмпатия тепе-тең түрде көрінеді.

Қазіргі америка балалар психологиясын да негізгі көңіл эмпатияның жүріс-тұрыстық альтруистік түрінің эмпатиямен байланысының бала дағдысындағы роліне бөлінеді.

Дош және Бердеш эмпатияны баланың жеке адам ретінде дамуының маңызды көздерінің бірі деп есептейді. Олардың ойынша эмпатия жылылықтың көңілдің және ықпал етудің үйлесімі. Авторлар Ганканың баланың жетілуі ата-ана мен бала арасындағы мұқтаждық балансын орнататын процесс деген идеясына сүйенеді. Мұқтаждық балансын сақтау тәрбиені эффектілі етеді. Ата-ана мен бала қарым-қатынасындағы эмпатия ата-анасы баласының сезімін түсінсе оның істеріне көмектесе және бірқатар дербестіктерге рұқсат берсе ғана мүмкін болады. Ата-аналардың эмпатиялық көңіл бөлуі жас жеткіншектің бейімделу процесін жеңілдетеді. Үлкендермен қатынаста эмпатия баланың эмоциялық және интеллектуалдық жетілуіндегі өзгермелі жүріс тұрыстың дәлелдері ретінде көрінеді.

Аронфрид пен Паскаль бала мен үлкеннің эмпатиялық әрекеттестігін баланы альтруистік жүріс – тұрысқа үйретудің тәсілі ретінде қолданған.[20].

Баланың жүріс-тұрысының қоғам мүлкіне айналатын себептеріне сүйсіну баланың күшеюіне әсер етеді. Өйткені ол өзі де сол сүйсінуді бөліседі. Істің нәтижесі күшею болады да ал эмпатия ұнатқан жүріс-тұрысты меңгерудің құралы болады.

Аронфрид пен Паскальдың тәжірибелеріндегі үйретудің негізгі принципі эмоциялық күйдің пайда болуы тәжірибе жүргізуші және осы күйді тудыратын баланың жүріс-тұрысы арасындағы ассоциация.

Эмпатия табиғатын түсіну өнері психологиялық зерттеулерде Липстің дәстүрін жалғастыруда. Маркус эмпатияны жеке адамның басқа адамның ішкі жан дүниесін және көркем танымының пішіні тани білу икемділігі деп қарастырды. Ол эмпатияны танымдық эмоциялық және моторлық компоненттердің ықпал етуі деп біріктіруге тырысады. Оның ойынша эмпатия танымдық процестермен жанамаланған және органикалық реакция мен эмоциялық күйге ере жүретін идентификациялық интроспекциялық және проекциялық актілер арқылы жүзеге асады.

Маркус елестеу мен сезімталдықты өнерді қабылдағанда болмаса бейнені жасағанда эмпатия актін жеңілдететіні актер мен көрерменнің негізгі қасиеті деп атап көрсетеді. Эмпатия инстинктің төменгі формасынан жоғарғы әлеуметтік сезімге дейін өседі.

Бірқатар авторлар эмпатия көздерін эмоциялық жұқтыру құбылыстарынан іздеуге болады дейді. Эмпатия идентификация мен проекция механизмі арқылы жүзеге асады.

Көпшілігі эмпатияның екі түрін атап көрсетеді. Көңіл білдіру және бірге әсерлену. Шелер Ф. Олпорт, Аш Валлон, Уиллер Стотлэд.

Эмпатияның дамуы әлеуметтік әсер мен тәрбие системасына ықпал етуге байланысты. Гош Бердин Хогэн, А.Мерфи Боорман, Аронфрид Паскаль, Ролингс Гервинг.

Отбасындағы эмпатияның бұзылуы жеке адамның жүріс-тұрысындағы эмпатияның пайда болуын қиындататын мазасыздық қасиетінің қалыптасуына әкеп соқтырады. Хэнер Статлэнд Салливан Л.Мерфи.

Эмпатияны зерттеушілер оның екі басты функциясын көрсетіп берді.

1.Эмпатия жүріс -тұрыстың бүлінуі түрінде көрінеді және бұл аспектіде оны альтруистік жүріс-тұрыспен байланыстырады.

Липпс ,Рибо ,Воллон, Мак Доуголл ,Аронфрид, Либхарт, Сидмэн, Ролингс, Хогэн Харис Хоунг, Мехребиэн Энштейн.

2.Эмпатия бұл танымның спецификалық эмоционалды пішіні объектісі. Шелер Аш, Роджерс Бирес, Арлау Махони, Маркус Уиллер.

Шетел психологиясында психотерапия үйрету әлеуметтік балалардағы ықпал ету және т.б. салаларда іс жүзінде қолдануда проблемасының маңызы зор. Қаншалықты кең көлемде зерттелсе де әлі күнге дейін мәселенің не көпшілік мақұлдаған теориясы не бір ортақ ұғымы жоқ. Эмпатия ұғымының теория жүзінде толық өңделмегендігі сонымен қатар эмпатияны құбылыс ретінде тәжірибе жүзінде зерттеудің қиындығы көзқарастардың әртүрлілігінің дәлелі.

Зерттеушілердің алдында оның табиғатына үңілу эмпатия теориясын жасау адам өміріндегі эмпатия функциясына талдау жасап эмпатия генезисін және оның құрылымының шартын оқып білу мақсаты тұр.

Эмоциялық жай-күй мотиві жүріс-тұрыс аспектілерін біріктіретін эмпатия қазіргі психологиядағы бірден-бір маңызды мәселелердің бірі болып саналады.

Осылайша шет ел және отандық зерттеулер қорытындылай келе, эмпатия эмоцияның бірден-бір құрамдас бөлігі деп санаймыз. Біздің негізгі міндеттеріміздің бірі болашақ зерттеулерде қолдау табады..

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дорошенко, Т. В. Эмпатия как фактор мотивации в профессиональном становлении личности: автореф. дис. ... канд. психол. наук / Т. В. Дорошенко. – Хабаровск, 2007. – 24 с.

2. Карягина, Т. Д. Проблема формирования эмпатии / Т. Д. Карягина // Консультативная психология и психотерапия. – 2010. – № 1.

3. К. Роджерс и его последователи: психотерапия на пороге XXI века / под ред. Д. Брэзиера. – М.: Когито-центр, 2005. – 315 с

4. Жігітбекова Б.Д. Топтық психотерапия. – Алматы: Ұлағат, 2008. – 196 б.

5. Намазбаева Ж.И. Психология және психотерапия. изд. Print Express, Алматы, 2006, 20 п.л. – учебник для вуза.-242 б.

6. Жигитбекова Б.Д..Оқыту үрдісінде психологиялық тренингті қолдану // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. . . «Психология» сериясы, №3(52), 2017. – С.36-39.

7. Жигитбекова Б.Д., Канаева С.Т. – Топтық психологиялық тренингтегі психогимнастиканың орны және рөлі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. . . «Психология» сериясы, №4(53), 2017– С.61-66.